



ХҒТАР 15.41.21

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-152-3-169-181>

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТАРАПЫНАН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

М.Н. Құнанбаева^{ID}*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан**(E-mail: kunanbaeva.maira@gmail.com)*

Аңдатпа: Мақала инклюзивті білім берудегі мектепке дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жақын ортасы немесе ата-аналарының өмірге деген құштарлықтарын зерттеуге бағытталған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аналарын қолдау үшін мемлекет тарапынан іс-шаралар сипатталған. Көптеген өмірлік қиындықтарға тап болған аналардың өмірге құштарлығын анықтау үшін С. Мадидің әдістемесі бойынша пилотаждық зерттеу жүргізілді. Автор ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аналарын қолдаудың маңызды факторларының бірі ретінде өмірге құштарлықты дамытуды қарастырады, бұл С. Мадидің теориясы бойынша өмірге қатысудан, бақылаудан және тәуекелге баруға дайын болудан көрінеді. Автор мемлекеттік мамандандырылған балабақша жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мақсатында психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттайды. Мақалада диагностика барысында алынған көрсеткіштерге сүйеніп мемлекеттік мекемелерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына назар аудару маңыздылығы және психологиялық көмек пен сүйемелдеуге мұқтаждылықтары бар екені ерекше анықталған.

Түйін сөздер: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жақын ортасы немесе туыстары, психологиялық қызмет, психологиялық көмек пен сүйемелдеу, тұлғаның өмірге құштарлығы.

Кіріспе

Бала денсаулығы – ол елдің болашағы. Жаңа дүниеге келген нәрестенің саулығы – ол болашақ тұлғаның негізі және ата-бабасынан келе жатқан өмірді ары қарай жалғастыру үшін, толық мәнді жетіліп ары қарай жаңа ұрпаққа жол ашу керек. Денсаулықты қамтамасыз ететін – ол отбасы, қоғамымыздың тірегі. Сондықтан жанұяны қоғамның бастапқы және ең маңызды әлеуметтену институты ретінде қорғау, сақтау және дамыту

Түсті: 15.05.2025; Жөнделді: 17.08.2025; Мақұлданды: 24.09.2025; Онлайн қолжетімді: 29.09.2025

әр заманның мақсаты болатын. Қазақстанда соған арқау болатын маңызды заңнамалар қабылданды: «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» заңдар, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2011 жылы. Бұл, мемлекет үшін бала мен ата-аналар құқығы әр кезде өте маңызды сала. Сонымен қатар, 2015 жылы БҰҰ-ның бас Ассамблеясы Нью-Йоркте 2006 ж. қабылданған «Мүгедектердің құқығы туралы конвенциясы» Қазақстан тарапынан ратификацияланды, себебі халықаралық деңгейдегі ахуалдан тыс қалмау және адам құқығына қатысты мәселелерді шешу біздің қоғамымызда жылдан жылға қолға алынуда. Әлеуметтік қысымдарды азайту жолында сонымен қатар, «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бала мен ата-ана құқығын қорғау мен мемлекет тарапынан заң жүзінде бекітіліп, әлі де болса жан-жақты зерделенетін мәселелердің бірегейі болуда деп айта кетуге болады.

Егеменді ел болып қалыптасқаннан бастап елдің әлеуметтік жағдайын, тұрмысын және денсаулық деңгейін жақсарту мақсатымен осы реттеу әрекеттері әлі де құрылу мен қалыптасу барысында өз жалғасын табуда. Әрине бір күнде барлық қиындықтарды жеңіп кету және бақытты елге айналу мүмкін емес. Алайда бұл заңдылықтар үстем бағытымыз бен негізгі құндылықтарымызды айқындайды.

Осы негізгі құқықтық заңдар мемлекет тарапынан ерекше білім қажет ететін балалар мен олардың ата-аналарының құқығын қорғауға негіз болып табылады. Сонымен қатар 2007 жылы Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы қабылданды. Соңғы 2023 жылғы редакциясында «19-2 тармағында: білімге ерекше қажеттілігі бар балалар олар тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша сұранысы бар адамдар не балалар делінген түсініктер еңгізілді. Және инклюзивті білім беру туралы «Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» делінген. Ерекше балаларға әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық көмек көрсету, қолдау мен сүйемелдеу туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында сонымен қатар ерекше білім қажет ететін балаларға арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету психологиялық қызметтің іс-әрекеттерінің бірі делінеді. Заңнаманың 50-3 тармағында - психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ол білім беру ұйымдарында іске асырылатын, оқу үдерісінде ерекше білімге қатысты қабілеттерді бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту және дамыту үшін арнайы әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық жағдайлар туғыздырып жүйелі ұйымдастырылған қызмет арқылы қолдау, оған кіретін педагогикалық және психологиялық мамандандырылған қызметкерлер, олардың іс-әрекеттері мен жұмыс бағыттары осы заңнамада қарастырылған.

Жоғарыда аталған заңнамалық құжаттармен қатар мемлекет тарапынан бір қатар ережелер де қабылданды. Мысал ретінде, 2022 жылғы «Мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету қағидаттары» бекітілген.

Сонымен қатар, 2022 жылы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы қабылданды. Және сол жылы «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы № 377 бұйрығы қабылданды. Мемлекет тарапынан маңызды қабылданған құжаттардың бірі «Ерекше білім беру қажеттілігін бағалау қағидаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №4 бұйрығы қабылданды.

Осы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтың 2-ші тарауында «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың тәртібі» белгіленген және сол тарауларда педагогикалық-психологиялық қолдау орталығының мамандары ерекше білім қажет ететін баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен оқыту, ерекше білім берілуінің қажеттіліктерін тереңдете зерделеуін және бағалауын» қамтамасыз ету мағызыдылы айтылған. Бұл жерде ата-аналарының рөлі, олардың рұқсаты болмаса бағалау да, сүйемелдеу де жүрмейтіні нақты көрсетілген. Әрине, заң тұрғысынан балаға толық ата-аналар жауапты және ерекше білім қажет ететін баланың да толық жауапкершілігін өз мойнына алатын ата-аналар болып табылады. Ал, мамандар мен дәрігерлер емдеу, дамыту мен түзетуге көмек көрсетеді.

Қазіргі біздің елімізде инклюзивті білім берудің мәселелері және жалпы қоғамымыздағы жай-күйі ғылыми ортада белсенді талқыланып, өзекті болып отыр. Осы мәселеге көптеген зерттеулер мен шаралар бағыттталынып және білім беру мекемелерінде ерекше білім қажет ететін балалар мен жастарға аса назар қойылып, көмектер мен қолдаулар көрсетіледі. Сол жұмыстар туралы көптеген ғалымдардың (Абдина А.К., Мамырханова А.М., Каппасова К.А., Хасенов А.К., Мовкебаева З.А. және т.б.) еңбектері жарияланды.

Білім беру мекемелерінде ерекше білім қажет ететін балалардың бейімделу мәселелеріне жеткілікті кең қамтылғанына және мұқият назар аударылғанына қарамастан, зерттеуді қажет ететін мәселелер бар екенін мойындайды, әсіресе отбасына байланысты. Және сол жұмыстарда отандық ғылыми әдебиеттерде инклюзивті білім беру саласына тән терминология құрастырылуда. Себебі мемлекетт тарапынан ерекше білім қажет ететін балаларды әлеуметтік-білім беру ортасына араластыруды көздейтін инклюзия негізінен осындай балалар үшін кедергісіз ортаны алдын-ала түсінуден әлдеқайда кең (Мовкебаева, З.А., 2016).

Жалпы инклюзиялық білім беру денсаулық, әлеуеттік, материалдық, ұлттық пен діни жағдайына қарамастан, аумақтық және басқа факторлардан тыс барлық балалардың білім беру үрдісін тиімді бейімделуіне және қосылуына әсер етуі маңызды. Осы сәтте кедергісіз орта құру және білім алу кеңістігін материалдық-техникалық базасын жетілдіру барысында дамытушы орта қалыптастыру өте маңызды рөлге айналуда. Инклюзивті білім беруді еңгізу барысында түрлі орын алатын жағдайлар туралы мақалалар мен түрлі туындылар бар. Соның ішінде, білім беру мекемелерінде инклюзивті мәдениетті жетілдіру туралы, сонымен қатар, маңызды ұстанатын талаптар мен ұсыныстар сипатталынған. Ғалымдар инклюзиялық білім беруде жақын аймаққа кіретін мектеп әкімшілігінен басқа ерекше білім қажет ететін балалардың ата-аналарына да қолдау мен көмек көрсету керек екені туралы жазған (Мовкебаева З.А., 2016; Мамырханова А.М., Каппасова К.А., 2020; Хасенов А.К., 2019).


Жалпы, өмірге құштарлық – адамның өмірлік қиындықтарды жеңуге, стресске төзімді болуға, дағдарыстарды тиімді өтуге, кез-келген жағдайды конструктивті тұрғыдан еңсеруге және өмірге бейімделуге мүмкіндік беретін тұлғалық ерекшелік деп қарастыруды ұсынамыз.

Қазіргі психология ғылымындағы «өмірге бейімділік», «өміршеңдік» немесе «өмірге құштарлық» деп жаңа ғылыми-зерттеу парадигмасы ретінде қарастыруға болады. Адам өміршеңдігі дегеніміз өмір сүруі үшін күресі, стресске төзімділігі, қиындықтарға қарсы тұруы. Шешілмейтін мәселемен айналысу немесе агрессия (ашу, ыза, реніштер, кінәні сезіну, қызғаныштар) мен стресс, депрессияға түсіп кету. Адам ашуда, стресске, депрессиядан өзін басқара алмай қалады өзімен байланысын жоғалтып алады. Өзінің кім екенін, не істеп жүргенін, қайда бара жатқанын, нені армандайтынын да ұмытады. Кейде жастар мәңгі жасайтындай өз өміріне немқұрайлы, жауапкершіліксіз қарайды. Сондықтан салауатты өмір қалпын ұстанбайды. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына өмірлік қиыншылықтары өскен сайын өмірге деген белсенді көзқарастарды қалыптастыру бойынша жұмыстар атқару қажет екені айқындала түседі. Бұл іс жүзінде білім беру үдерісінің сапасының негізгі өлшемі. Өмірлік қиыншылықтарды жеңе алатын, мықты ерік-жігері бар белсенділер ұрпағын қалыптастыру - бұл жұмыс отбасынан басталуы тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «...балалардың құқықтары мен денсаулығын қорғау жүйесін нығайту өте маңызды. Ол үшін балаларды қорғау саласындағы барлық ұсыныстар мен бастамаларды іс жүзінде жүзеге асырмас бұрын мұқият зерделенуі керек», деп атап өткен.

Зерттеу әдістері

Алғашқы «өміршеңдік» ұғымын ғылыми психология тұрғысынан зерттеген американдық психологтар, экзистенциалдық психология бағытының өкілдері Сальватор Мадди және Сьюзен Кобейс болды. Олар «өміршеңдік» мәселесін зерттеп, өміршеңдіктің моделін құрастырған (Сальваторе М., 2002).

С. Маддидің пікірінше, «өміршеңдіктің» (hardy coping) арқасында адам стресс жағдайларының мәнін азайтып қабылдайды, нәтижесінде ішкі қысым төмендейді. «Өміршеңдік» адамның тұлғалық ұстанымдар жүйесі ретінде, әр кезде адамға белсенді болып, стресстің жағымсыз салдарына қарсы тұруға мүмкіндік береді. Осы ретте біз өміршеңдіктің негізін құрайтын 3 өмірлік ұстанымды атап өтетін болсақ, оны 1-ші суретте көре аламыз:



1-ші сурет. Өміршеңдіктің негізін құрайтын өмірлік ұстанымдар

С. Мадди концепциясының мәні, ол өміршеңдіктің негізінде стрессті жоққа шығармай, елестетілген жағдайға сүйенбей, нақтылықты мойындап ерлікпен сол жағдайды өз пайдаға қолдану. Әр адам белгілі бір өмірлік оқиғаларды қабылдай алуы мен оларды мойындай алу өмірге деген дұрыс қатынасты құруға негіз бола алады.

С.Мадди моделі бес механизмдерден тұрады, тосқауыл ретінде ауруға жібермей, әрі іс-әрекеттің тиімді болуына ықпал етеді:

1. өмірлік қағидалар – өмірге қатысын сезіну, өмірлік оқиғаларды бақылай алудың сенімділігі және тәуекелге бару дайындығы арқылы сыртқы әсерлерді стресстік емес деп бағалай алуы;

2. адаптация (ортаға бейімделу) – түрлі тәсілдер мен әрекеттерді қолданып жаңа іс-әрекеттерге ашық болуды, стресске төзімділік пен қиын өмірлік жағдайларға дайын болу, өзгерістерде жаңа икемдерді қалыптастыра білуі және жаңа мотивацияны құрастыра алуы;

3. мобилизация арқылы физикалық және психикалық иммундық реакцияларды күшейту;

4. өз денсаулығына деген жауапкершілікті арттыру (салауатты өмір салтын ұстану техникаларын пайдалану);

5. қарым-қатынас дағдыларын дамыту арқылы тиімді әлеуметтік қолдауды іздеу (Сальваторе М., 2002).

Кейінен С.Мадди салауатты өмір салтын насихаттау барысында, әлеуметтік қолдауды топтармен жұмыс жасау арқылы, сонымен қатар, өмірге құштарлықты дамыту белсенді тренингтерін қалыптастырды. Соның нәтижесінде өмірлік қиындықтарды жеңуге арналған, өмірге құштарлықты дамытушы бағдарлама құрастырылды (Help атты тренинг бағдарламасы) С.Мади, 1994 жылы. Бұл бағдарламаның негізі:

- релаксациялық жаттығулары (демді бақылау, қолдың жылынуы, бұлшық етті босаңсыту, жаттығулар), дұрыс тамақтануды үйрету;

- мінез-құлықты бақылауға алудың коппинг тәсіліне оқыту (басқа төнген маңызды мәселелерді шешу және көңіл-күйді реттейтін тәсілдерді пайдалану);

- қоғамдық ортаның қолдауын қабылдай алу және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

- дене шынықтыру жаттығулары (іс-әрекеттің тиімділігін арттыру мен денсаулықты жақсартуға бағытталған жаттығулар);

- жаман әдеттерден арылу (теmekі шегу, ішімдік ішу және т.б.);

- рецидивтерді алдын ала ескерту (болған жағдайда бір жыл ішінде бақылауға алу).

С. Маддидың пайымдауы бойынша, өмірге икемділікті дамытатын бағдарлама «HELP» үш деңгейде қолдануға болады:

- үшінші көмек – түрлі аурумен ауыратын науқастармен жұмыстар;

- екінші көмек-аурудың қаупі жоғары болған жағдайда;

- негізгі көмек – алдын алу және жалпы білім беру мақсатында;

бұдан бөлек, ұйымдар үшін бейімделген бағдарлама түрінде де болуы мүмкін.

С.Мадди моделінің практикалық мәні өміршеңдікті тек қана бір қасиет емес, ол өте маңызды ішкі ресурс ретінде қарастырады. Өзінің физикалық, психикалық және әлеуметтік саулығын сақтау үшін, оны адам саналы түсіну арқылы өзгерте алады. Жалпы айтқанда, С.Мадди концепциясы бойынша, қандай жағдайлар болмасын өміршеңдік адам өмірін құнды етіп қабылдап, оған мән беріп тұрады (Куашева, Е.Р., 2011).

Нәтижелер

Біз «Өмірге құштарлық» немесе «өміршендік» тесті арқылы өмірлік қиындықтарға қаншалықты төзімділік білдіретіндігін зерттеу үшін ерекше білім қажет ететін балалардың ата-аналары арасында зерттеу жұмысы өткізілді. Диагностика Сальваторе Мадди әзірлеген «Hardiness Survey» тесті арқылы (Д.А. Леонтьевпен бейімделген) жүргізілді (Алигаева Н.Н., 2023).

Зерттеу жұмысының мақсаты: Астана қаласындағы инклюзивті білім берудегі мектепке дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы балабақшадағы әлеуметтік қиындықтар мен стресстік жағдайлар кезінде, ата-аналардың өміршендік деңгейін анықтау. Өміршендік (С.Мадди) – адамның күйзеліс жағдайларына төтеп беруге және тиімді жеңуге мүмкіндік беретін өзіне, әлемге, онымен қарым-қатынасқа деген сенімдер жүйесінің жиынтығын көрсетеді. Тест онлайн режимінде өткізілді. Тестілеуге үш ересек топтың ата-аналары (36 адам) өз еріктерімен қатысты. Бала тәрбиесіне негізінен аналар жауапты болғандықтан, кейбір толық емес отбасылар сияқты, тестілеу кезінде гендерлік құрам бойынша біздің іріктеуіміз негізінен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аналары болды деп айтуға болады.

Аналардың арасында Ч.Д. Спилбергер мен Ю.Л.Ханин әдістемесімен мазасыздану деңгейін анықтау мақсатымен тестілеу жүргізілді және алынған нәтижелер 1 кестеге еңгізілді.

Кесте 1

Арнайы балабақша тәрбиеленушілердің аналарының мазасыздану бойынша көрсеткіштер кестесі (5 топ)

Аналар	Ситуативті	Тұлғалық
1 топ	35 орта	51 жоғары
2 топ	96,2 орта	42 жоғары
3 топ	101 жоғары	48 жоғары
4 топ	109 жоғары	51 жоғары
5 топ	35 орта	41,8 жоғары
Ортақталған нәтиже	75,24 жоғары	46,76 жоғары

Осылайша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аналарының арасында психоэмоционалды күйлерінде ситуативті мен тұлғалық мазасыздықтың деңгейінің жоғары екені анықталынды. Егер тек ситуативті жоғары болса, онда оны тек тексеру ситуациясына байланысты деуге болар еді. Бірақ бұл мазасыздық тұлғалық деңгейде де байқалатыны, ол мінез бітістеріне айналып кетті деуге де болады. Бұның соңында «созылмалы стресс» көрінісінің белгісі деуге болады. Осындай жағдайда, әр ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың анасына психологиялық көмек және сүйемелдеу керек деген тұжырымға келеміз. Сонымен қатар «Өмірге құштарлық» деңгейін анықтайтын әдістеме жүргізілді. Сальваторе Мадди әдістемесі стресстік жағдайларда психикалық денсаулықты, оңтайлы өнімділікті және белсенділікті сақтау

үшін үш компоненттің маңыздылығын көрсеткен. Оның нәтижелері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың аналарының көрсеткіштерін көрсетеді. Зерттеу жұмысының нәтижесіне сәйкес, «өміршеңдік» компоненттері бойынша алынған нәтижелердің жалпы ортақ көрсеткіштерін 2-ші кестеден көруге болады:

Кесте 2

«Өмірге құштарлық» бойынша көрсеткіштердің жалпы ортақ мағыналары

Топтар	Жалпы өміршеңдік	Өмірге деген қатынасын сезіну	Қадағалау	Тәуекелге бару
1 топ	95 орта	43 жоғары	28 орта	14 орта
2 топ	82,5 орта	35,8 орта	30,5 орта	16,1 орта
3 топ	96,2 орта	42 жоғары	35,2 орта	19,4 орта
Ортақ көрсеткіштер	91,2 орта	40,2 жоғары	31,2 орта	16,5 орта

Психодиагностика барысында алынған нәтижелер ортақ мәндерге келтіріліп, 2-ші кестеде «Өмірге құштарлық» бойынша көрсеткіштердің жалпы ортақ мағыналары шығарылды. Арнайы бала бақшадағы барлық ата-аналардың шамамен 35%-ын құрайтын үш топтағы ата-аналардың нәтижелерін қорытындылай келе, келесідей түйін жасауға болады:

Жалпы «Өмірге құштарлық» – 91,2 ұпай (орташа деңгей). Ата-аналар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың денсаулығына алаңдап, олар үнемі алаңдау үстінде жүреді. Көптеген аналар жұмыс істейді, өйткені ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды емдеу үшін түрлі дәрі-дәрмектер мен медициналық процедуралар үнемі қажет болып отырады, ал оны қамтамасыз ету үшін қаражат қажет. Сондай-ақ, басқа балалар туралы алаңдаушылық оларды әлеуметтік дағдарыстарға осал етеді. Сондықтан оларға әлеуметтік және психологиялық көмек пен қолдау өте қажет. Екінші жағынан, орташа деңгей дегеніміз балалардың аналары көптеген стресстік әсерлерді маңызды емес деп қабылдауды үйренгенін білдіреді. Көптеген аналардың орта және жоғары білімі бар, сондықтан оларда «сәйкестік» және «стреске төзімділік» дағдылары бар екендігі анықталды.

«Өмірге деген қатынасын сезіну» шкаласы бойынша жоғары деңгейге ие болды (40,2). Ол деген – өмірдегі барлық оқиғаларға толық мәнді қатысу, бұл әр адамды жалғыздықтан кетіп, өмірде өзінің қызығушылығын табуға мүмкіншілік береді деген сенім. Бұл компонент күшейген жағдайда адам өз іс-әрекетінен күш-қуат алады. Керісінше, мұндай сенімнің жоқтығы өмірден түңілуді тудырады. Көптеген тәрбиеленушілердің аналары балабақшадан балаларын себепсіз қалдырмайды. Балаларын сауықтыру, дамыту және тәрбиелеу үшін олар уақытын да, күш-жігерін де аямайды. Бұл әрекет арқасында олар қажетті және сұранысқа ие екенін сезінеді. Ата-ананың бала алдындағы жауапкершілік сезімінің жоғары болуымен сипатталады.

«Қадағалау» шәкілі бойынша барлық респонденттердің шекті ұпайы 31,2 – орташа деңгейді құрады. Осы көрсеткіш бойынша, адамды жеңіске кепілдік берілмесе де, күресіп

жүрген жағдайлардың нәтижесіне әсер етуге мүмкіндік береді. Осыған деген сенімділікті көрсетеді. Бұған қарама-қарсы – дәрменсіздік сезімі. Бақылау компоненті жоғары дамыған адам өзінің қызметін, өз жолын таңдайтынын сезінеді. Осылайша, алынған нәтиже бойынша ата-аналар өмірдің белгілі бір салаларын ішінара ғана бақылайтынын көрсетеді.

«Тәуекелге бару» шәкілі бойынша нәтиже де орташа деңгейде екендігі (16,5) анықталды. Бұл шәкіл адамның өзімен болған кез келген жағымды немесе жағымсыз жағдайдағы тәжірибеден алынған білім арқылы оның дамуына ықпал ететініне деген сенімінің көрсеткіші болып табылады.

Қорытынды

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету ретінде білім беру мекемелерінде психологиялық қызметтің жұмысын жетілдіру қажет. Психологиялық қызметтің диагностикалық, ағартушылық және түзету жұмыстармен бірге кеңес беру жұмысына көбірек назар аудару өте маңызды. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу үшін, ең бірінші кезекте, осы балалардың ата-аналарына үнемі психологиялық сүйемелдеу, қолдау жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Осыған орай тестілеу кезінде алынған нәтижелерге сәйкес «Аналар мектебі» қызметі ұйымдастырылды. Осы «мектеп» аясында балабақшаның психологтары кездесулер, әлеуметтік-психологиялық тренингтер және қоғамдық белсенділермен сұхбаттар ұйымдастырды. Бұл кездесулерде «Өмірге құштарлықтың» негіздері балалық шақтан бастап, әсіресе жасөспірімдік шақта ерекше дамитындығы айтылды. Негізінен, әр адам өз ісіне, өміріне жауапкершілікпен қарауы тиіс, ал, оған ата-ана қолдау көрсетіп, әрбір ісінің оңтайлы жүзеге асуына септігін тигізуі керек. Адамның жастық дамуы барысында, әсіресе жасөспірімдік кезінді басынан өткеруде қиын өмірлік жағдайларда өзінен күш іздеп, барлық қиыншылықтарды өз күшімен жеңу керектігін түсіне бастайды. Кейде көмек еш жерден табылмайды, мұндай жағдайларда өміршендік арқылы «әлеуметтік иммунитет» қалыптасады, бұл туралы педагогтар, әлеуметтанушылар және психологтар соңғы уақытта жиі зерттелуде. Жоғары өміршендікке ие адам, өмірдегі қиындықтарды аман-есен бастан кешіреді және оңтайлы күресу стратегияларын қолданады. Соның арқасында әлеуметтік-психологиялық иммунитет қалыптасады. Әлеуметтік-психологиялық иммунитет – кез келген өмірлік қиындықтарды жеңуге дайын болуды білдіреді (Москаленко, Г. В., Зелинская, И. А., 2019).

Арнайы балабақшаның психологтары ата-аналардың кездесуінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ата-аналарының өмірлік қиындықтарға байланысты туындаған мәселелерін талқылады (ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту, баламен дұрыс қарым-қатынас орнату, ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен ата-аналарына деген стигматизацияны еңсеру). Кездесудің әрбір қатысушысы мәселелерді шешуде өз тәжірибесімен бөлісіп, жалпы мемлекеттік басқару тарапынан ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының өмірге құштарлығын нығайтуға қатысты жоғарыда аталған заңнамалық құжаттармен танысып, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Осы ретте біз, зерттеу жұмысымыздың барысында алынған нәтижелерге сәйкес келесідей қорытынды жасамақпыз: өмірлік қиындықтардан шығудың барлық

аталған жолдарының ішінде ең тиімді және пайдалы нұсқаулықтарының бірі ретінде, төмендегілерді негізге алу:

- өзіне деген сенімділік;
- өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бақылау;
- көмек сұраудан бас тартпау, өйткені әрқашан көмектесуге дайын адамдар балатынын ұмытпау;
- депрессиядан шығу жолы – басқаларға көмектесу және басқаларға қолдау көрсету;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарының өмірге құштарлығын нығайтуға бағытталған түрлі мемлекеттік жобалар мен орталықтардың, арнайы мамандардың бар екендігін ұмытпау, әрі оларға дер кезінде жүгіну;
- кез-келген ортадағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды және олардың ата-аналарының өмірге құштарлығын нығайтуға әрбір Қазақстан азаматының ат салысуы, оларға барығша қолдау көрсету.

Қорытындылай келе, біз «Өмірге құштарлық» адамның психикалық денсаулығының маңызды құрамдас бөлігі деп толық сеніммен айтамыз. Ешкім өмірдің барлық қиындықтарынан, әрі дағдарыстарынан шығудың дайын жолын көрсетіп бермейді. Сондықтан өзінің ішкі ресурстарын сақтап, өмірге құштарлықты дамыту және болашаққа үмітпен қарау бүгінгі таңда өте маңызды болып табылады демекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518/k110518_.htm
4. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциянысын ратификациялау» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚР Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001282>
5. «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V ҚР Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000314/314_1.htm
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0700000319>
7. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>
8. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031505>

9. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288>

10. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

11. Абдина, А.К. (2015). Технология инклюзивного образования и Философия независимой жизни // Материалы VII российского философского конгресса на тему: «Философия. Толерантность. Глобализация. Восток и запад – диалог мировоззрений» – Уфа, Т. III. – С. 123-124 <https://bulhistphaa.enu.kz/index.php/main/article/view/331/220>

12. Абдина, А.К., Уызбаева, А.А., Жанарстанов, М.Б. (2023). Философия независимой жизни: состояние инклюзивного образования в Казахстане (обзорный анализ современных исследований) // ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. № 1(142) Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение., С.135-139 <https://bulhistphaa.enu.kz/index.php/main/article/view/331/220>

13. Мовкебаева, З.А. (2016). Проблемы и перспективы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан на современном этапе // Педагогика и психология.– №3 (28). – С.75-81 https://www.researchgate.net/publication/369582643_Philosophy_of_independent

14. Мамырханова, А.М., Каппасова, К.А. (2020). Инклюзивная культура как условие социализации обучающихся с особыми образовательными потребностями. // Білім – Образование. №2 (93). – С. 13-21 <https://library.qyzpu.edu.kz/en/lib/page/>

15. Khassenov, A.R. (2019). Augmented reality as a potential for learning in inclusive education in Kazakhstan. Available at: dspace.enu.kz (accessed: 18.12.2022). [in English] <https://repository.enu.kz/handle/enu/1121?show=full>

16. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен балалар құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саинды кездесу. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-upolnomochennogo-po-pravam-rebenka-aruzhan-sain-154538>

17. Сальваторе, М. (2002). Теории личности, сравнительный анализ. S.R.Maddi. Personality theories: a comparative analysis Homewood, Ill: Dorsey Press, 1968 СПб.: Издательство "Речь", 142 с.

18. Куашева, Е.Р. Жизнестойкость и ценностно-смысловые предпочтения личности: согласованность и противоречия (на материале руководителей органов внутренних дел) <https://cyberleninka.ru/article/n/zhiznestoykost-i-tsennostno-smyslovyie-predpochteniya-lichnosti-soglasovannost-i-protivorechiya-na-materiale-sotrudnikov-organov/viewer>

19. Алигаева Н.Н. (2023). Влияние детско-родительских отношений на особенности саморегуляции психических состояний обучающихся высшей школы // Личностные и регуляторные ресурсы человека в условиях социальных вызовов : материалы VII Международной научно-практической конференции (15–16 июня 2023 г.) – Ставрополь: Изд-во СКФУ, 298 с.

20. Москаленко, Г. В., Зелинская, И. А. (2019). Представление о психологическом иммунитете в отечественной психологии Российский психологический журнал, Т. 16, № 3, 33–44 с.

М.Н. Кунанбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Пути повышения жизнестойкости родителей детей с особыми образовательными
потребностями со стороны государственного управления**

Аннотация. В статье рассматриваются психологические особенности жизнестойкости родителей детей с особыми образовательными потребностями дошкольного возраста. Также описываются мероприятия со стороны государства для поддержки этих матерей. Проводится пилотажное исследование по методике С.Мади для измерения жизнестойкости матерей, которые сталкиваются с множеством жизненных трудностей. Автор считает одним из важных факторов поддержки матерей детей с особыми образовательными потребностями жизнестойкость, которая по теории С.Мади проявляется в вовлеченности к жизни, контролю и готовности идти на риск. Автор описывает особенности организации работы психологической службы в целях реализации инклюзивного образования в условиях государственного специализированного детского сада.

В статье описываются полученные результаты тестирования по методике С.Мади и указываются пути усиления жизнестойкости родителей детей с особыми образовательными потребностями со стороны государственного управления.

Ключевые слова: родители детей с особыми образовательными потребностями, дети с особыми образовательными потребностями, жизнестойкость, государственное управление.

M.N. Kunanbaeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Ways to increase the resilience of parents of children with special educational needs
by the government**

Abstract. The article examines the psychological characteristics of resilience in parents of preschool children with special educational needs. Moreover, the text delineates the measures that the state has implemented to provide assistance to these mothers. A pilot study is conducted using S. Madi's methodology to measure the resilience of mothers who face many life difficulties. The author posits that resilience is a pivotal factor in providing support to mothers of children with special educational needs. According to S. Madi's theory, this manifests in three aspects: involvement in life, control, and a willingness to take risks. The author provides a detailed exposition of the features of the organisation of psychological services for the purpose of implementing inclusive education in a state-run specialised kindergarten. The article presents the findings of a research study that employed S. Madi's methodology and proposes strategies to enhance the resilience of parents of children with special educational needs, as perceived by the state administration.

Key words: parents of children with special educational needs, children with special educational needs, resilience, public administration.

References

1. "Kazakhstan Republicsyndagy balanyн kukukyktary turaly" Kazakhstan Republicsynyn 2002 zhilgy 8 тамызdagy N 345 Zany. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
2. "Halyk densaulygy zhane densaulyk saktau zhuyesi turaly" Kazakhstan Republic 2020 years 7 shields No. 360-VI KRZ Code. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>
3. "Neke (erli-zaiyptylyk) zhane otbasy turaly" Kazakhstan Republicsynyn 2011 zhilgy 26 zheltoksandagy No. 518-IV Code. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518/k110518_.htm
4. "Mүgedekterdiң құқықтары тулй кагорінѣін зін ratification" Kazakhstan Republic of the Republic of Kazakhstan 2015 years 20 Akpandagy No. 288-V ҚР зңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001282>
5. "En tomen aleumetik standartar zhane olardyn kepildikteri turaly" Kazakhstan Republic Zany 2015 years 19 mamirdagy No. 314-V KR Zany. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000314/314_1.htm
6. "Bilim turaly" zany. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_
7. Mektepke deyingi, orta, tekhnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen keyingi bilim take, kosymsha bilim take uyimdarynda psychology-pedagogical koldau 2022 zhilgy 12 Kantardagy No. 6 Buyrygy. Kazakhstan Republic Son Adilet Minister of the Republic of Kazakhstan 2022 years 18th January No. 26513 Most of Turkeldi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>
8. Mumkindigi shekteuli balalardy arnauy psikhologiyalyk-pedagogykalyk koldauga memlekettik bilim take tapsyrysyn ornalasty kagidalaryn bekitsu turaly Kazakhstan Republics Oku-agartu of the minister ң 2022 zhyly 29 zheltoksandagy No. 532 buyrygy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031505>
9. Orta bilim take ұymdaryndary psihologiyalyk қызметtin zhumys isteu кағидаларын bekitsu turaly of Kazakhstan Republics Oku-agartu of the minister of m.a. 2022 zhyly 25 тамызdagy No. 377 buyrgy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288>
10. Erekshe bilim take kazhetti likterin bagalau kagidalaryn bekitsu turaly Kazakhstan Republics Bilim zhane gylym ministerinin 2022 years 12 years No. 4 buyrs Gee. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>
11. Abdina, A.K. (2015). Technology of inclusive education and the Philosophy of independent life // Proceedings of the VII Russian Philosophical Congress on the topic: "Philosophy. Tolerance. Globalization. East and West – a dialogue of worldviews" – Ufa, Vol. III. – pp. 123-124 <https://bulhistphaa.enu.kz/index.php/main/article/view/331/220>
12. Abdina, A.K., Uyzbayeva, A.A., Zhanarstanova, M.B. (2023). Philosophy of independent life: the state of inclusive education in Kazakhstan (a review analysis of modern research) // BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, No. 1(142), Series Historical Sciences. Philosophy. https://ncfu.ru/upload/medialibrary/b50/23wj7tu6j4i5m639bcd4vtjfvf72h5d/2023_PPF_01.pdf
13. Movkebayeva, Z.A. (2016). Problems and prospects of inclusive education development in the Republic of Kazakhstan at the present stage // Pedagogy and Psychology. №3 (28). – Pp.75-81
14. Mamyrkhanova, A.M., Kappasova, K.A. (2020). Inclusive culture as a condition for the socialization of students with special educational needs. // Bilim – Education. №2 (93). – Pp. 13-21
15. Khassenov, A. R. (2019). Augmented reality as a potential for learning in inclusive education in Kazakhstan. Available at: dspace.enu.kz (accessed: 18.12.2022). [in English] <https://repository.enu.kz/handle/enu/1121?show=full>
16. Memleket bashysy Kasym-Zhomart Tokayev pen balalar kuуkyktary zhonindegi uakil Aruzhan Saindy kezdesu. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-upolnomochennogo-po-pravam-rebenka-aruzhan-sain-154538>

17. Salvatore, M. (2002). Theories of personality. comparative analysis. S. R. Maddi. Personality theories: a comparative analysis Homewood, Ill: Dorsey Press, 1968 St. Petersburg: Rech Publishing House, 142 pp.

18. Kuasheva, E.R. Vitality and value-semantic preferences of the individual: consistency and contradictions (based on the material of heads of internal affairs bodies) <https://cyberleninka.ru/article/n/zhiznestoykost-i-tsennostno-smyslovye-predpochteniya-lichnosti-soglasovannost-i-protivorechiya-na-materiale-sotrudnikov-organov/viewer>

19. Aligaeva, N.N. (2023). The influence of child-parent relations on the peculiarities of self-regulation of mental states of higher school students // Personal and regulatory human resources in the context of social challenges: proceedings of the VII International Scientific and Practical Conference (June 15-16, 2023) - Stavropol: NCFU Publishing House, 298 pp.

20. Moskalenko, G.V., Zelinskaya, I. A. (2019). The concept of psychological immunity in Russian psychology, Russian Psychological Journal, vol. 16, No. 3, 33-44 p.

Автор туралы мәлімет:

Құнанбаева М.Н. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан. kunanbaeva.maira@gmail.com

Информация об авторах:

Кунанбаева М.Н. – старший преподаватель кафедры психологии Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, кандидат психологических наук, Астана, Казахстан. kunanbaeva.maira@gmail.com

Information about the authors:

Kunanbayeva M.N. – senior lecturer, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. kunanbaeva.maira@gmail.com